

Қостанай облысының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 31 шілдедегі № 5 қаулысы және Қостанай облысы мәслихатының 2015 жылғы 31 шілдедегі № 419 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 4 қыркүйекте № 5858 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 3) тармақшасына сәйкес және аудандық өкілді және атқарушы органдарының пікірін ескере отырып, Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШІМ**
Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. Тұрғындарының саны 50 адамнан кем мына елді мекендер таратылсын:

Федоров ауданы Новошумный ауылдық округінің Старошумное ауылы;

Федоров ауданы Қосарал ауылдық округінің Тураағаш ауылы.

2. Таратылған елді мекендер енгізілсін:

Старошумное ауылы Федоров ауданы Новошумный ауылдық округінің

Новошумное ауылының құрамына;

Тураағаш ауылы Федоров ауданы Қосарал ауылдық округінің Кеңарал ауылының құрамына .

3. Осы қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

Сессия төрайымы

_____ Н. Садуақасов

_____ А. Сапарова

Қостанай облыстық
мәслихатының хатшысы

_____ С. Ещанов